

Ректор тағайындалды

Респубикалық комиссияның шешімімен М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің басқарма төрағасы-ректоры қызметіне Ербол Исақаев тағайындалды. Университет ұжынына жаңа басшыны Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов таныстырды.

Аталған жоғары оқу орнында бұған дейін 4 жыл қызмет еткен Ербол Маратұлын әріптестері жақсы таниды. Оқу ісі жөніндегі проректор, бірінші проректор болып қызмет еткен Ербол Исақаев кейін ректордың міндетін атқарушы ретінде де өзін тәжірибелі басшы ретінде көрсеткен. Ербол Исақаевтың жетекшілігімен 33 бакалавриат және магистратура бағдарламалары, 8 заманауи инновациялық зертхана, 4 бағдарламадан диссертациялық кеңестер ашылған. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік



Қазақстан университеті "Атамекен" рейтингі бойынша Қазақстан Республикасының үздік үш жоғары оқу орындарының қатарына еніп, ТМД елдерінің желілік университетінің мүшесі атанды.

Ербол Исақаев – Алматы облысының тұмасы. 1977 жылы 21 қарашада Ұзынағаш ауылында дүниеге келген. Екі жоғары білімі

бар, биология ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолында жоғары білім беру мекемелерінде лаборант, оқытушы, доцент, орынбасар, кейін декан болып жұмыс істеді. Үш университетте проректор қызметін атқарды. 2021-2024 жылдары А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университетінің оқу ісі жөніндегі басқарма мүшесі проректоры лауазымында еңбек етті.

"Бұл университет мен үшін қымбат. Университет алдында бірқатар үлкен міндеттер тұр. Команда ретінде біз үлкен нәтижелерге қол жеткіземіз деп ойлаймын. Университет жастарды тарта отырып, ғылым мен инновацияны дамыту орталығы боллады деп санаймын", – деді Ербол Исақаев.

**Зарина МАҚШАЕВА,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ медиаорталығының
редакторы.**